

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТҮРІКШІЛДІК» ИДЕЯ

Сайлаухан ҚОЖАҒҰЛОВ*

Аңдатпа: Мақалада Мағжан Жұмабаевтың саяси көзқарасының қалыпта-суынадағы негізгі факторлар: тәрбие мен ұлттық құндылықтар; ұстаздары мен өскен ортасының әсері мен ықпалы; еліктеу мен өз стилін қалыптастырудағы ізденістері жайлы автор тұжырымдары дәйектеледі.

Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсылықтан туған ақынның өлеңдеріндегі деректі жолдар, сан қырлы сазы бар өзіне тән символистік өрнектер талданады. Мағжан мұрасының 1989 жылы ақталғаннан кейінгі кезеңде жариялануындағы редакторлық түзетулер, қысқартулар сыры, текстологиялық ерекшеліктері де зерттеу аясына арқау болады.

Ақынның түрікшілдік көзқарасының беріктігі, ұлттық рухтың жырлануындағы азаматтық ұстанымы, мәрт мінезі де мақалада көрініс тапқан.

Романтик Мағжанның кейде символисттерге, кейде сентименталист ақындарша жырлауы еліктей іздену жолындағы еуропалық үлгілерді ұлттық поэзиямызға әкелуі тәжірибелері еді. Мағжан поэзиясының өзгеше құбылысы, өлең жасау тәсіліндегі символикалық өрнектер «Түркістан» толғауында ақын бейнелеген көркемдік тәсілдерден айқын аңдалады. Ақынның интеллектуалдық поэзиясындағы танымдық, тәлімдік жолдардың жоғары пафосты шабытпен жырлануының мәні мен маңызы туралы да автор өзіндік пікір ой түйіндейді.

Автор бір ғасыр бұрын Мағжан ақын жырына идеялық арқау еткен «Тұран одағы» бірлігінің өзектілігін жоғалтпағаны әрі бүгін халықаралық деңгейде, қайта жаңғыруы, болашақта туыстас түрік тектес ұлттардың ынтымағының нығайтуының шынайы көрсеткіші бола алатынына сенім артады.

Кілт Сөздер: *Тұран, Түрікшілдік, Алаш, Текстология Интеллектуалды Лирика*

The Idea Of "Turan Union" In The Poetry Of Magzhan Zhumabayev

Annotation: The article summarizes the author's conclusions about the main factors in the formation of Magzhan Zhumabayev's political views: upbringing and national values; the influence and influence of his teachers and the environment in which he grew up; his search for imitation and the formation of his own style. In the poetry of Magzhan Zhumabayev, documentary lines in the poems of the poet, born out of opposition to the colonial policy of Tsarist Russia, characteristic symbolist expressions with multifaceted clay are analyzed. Editorial corrections, abbreviations, and textological features of the publication of Magzhan's legacy in the period after his acquittal in 1989 are also subject to study. The article reflects the strength of the poet's Turkist views, his civic position in the singing of the national spirit, and his character. Romantic Magzhan's singing, sometimes by Symbolists, sometimes by sentimentalist poets, would have brought European patterns of imitation to our national poetry

A different phenomenon of Magzhan's poetry, symbolic expressions in the way of creating poetry are clearly traced in the artistic techniques depicted by the poet in the "Turkestan" reflection. The author also summarizes his own opinion on the meaning and significance of the high pathos inspiration of cognitive, educational lines in the poet's intellectual poetry. The author believes that the unity of the "Turan Union", which was based on the poem of the poet Magzhan a century ago, has not lost its relevance, and today, at the international level, its revival can become a real indicator of the strengthening of the unity of related peoples of Turkish origin in the future.

Keywords: *Turan, Turkism, Alash, Textology Intellectual Lyrics*

Мағжанның патшалық ресейдің отарлық саясатына төзбеген, кеңестік идеологияның бұғауына қарсы тұрған, «ноқтаға басы сыймаған» мәрт мінезді ақын болып қалыптасуына ата қанымен келген тектілік, ұстаздан алған тәлім, алашшыл азаматтардың ортасы зор ықпалын тигізгені сөзсіз. Алаш көсемі Ә.Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» [1.109]- дейді. Ақынның атасы Жұмабай ірі саудамен айналысқан, Меккеге қажыға барған, ел тізгінін ұстаған, әкесі Бекен де болыстық қызмет істеген, текті, мінезі ауыр, намысына шаң жуытпаған адамдар екен. Мағжанның алғашқы ұстазы Мұхамеджан Бегішов патшаның миссионерлік мерез саясатына қарсы шыққан, Қызылжарда медресе ашқан, Түркиядан білім алған ұлтжанды

* I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан Республикасы, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы -дәріскері ғылыми атағы; филология ғылымдарының кандидаты, sailau.24@mail.ru

қайраткер. Ақын осы Бегішов медресесінде мұсылманша білім алып түрік, араб, парсы тілдерін меңгерген. Елі мен жеріне деген сүйіспеншіліктің, халқын сүюдің үлгісін медреседен де алған.

Мағжан 1910 жылы алаш көсемдерінің бірі Міржақып Дулатовпен танысып «Оян қазақты» жастанып оқып, жанына жат тоқи жүреді. Үпидегі атақты «Медресе Ғалияда» оқып жүргенінде, осында оқытушы болып істейтін, татардың белгілі жазушысы **Ғалымжан Ибрагимовтың** назарына ілігеді. 1912 жылы Қазан қаласында "Шолпан" атты тұңғыш жинағының жарық көруіне ықпал еткен ұстазының саяси көзқарасы Мағжан поэзиясына зор әсер еткені сөзсіз. Ғалымжан Ибрагимовпен етене таныс болған ақынның алашшыл, түрікшіл мінезі айқындалып, ақындық- азаматтық кредосына айналады. Ұлтқа қызмет етуге бел байлаған Мағжанның азаматтық келбеті қалыптасып, білімі толысып, ақындық қабілетінің де ашыла түскен кезі. Ұстазының ақыл кеңесімен тұңғыш өлеңдер жинағы «Шолпанның» жарық көрген кезі де осы жылдар.

Мағжанның ұлттық мінезінің нық беки түсуіне XX ғасырдың басында алаштың рухани ұстазы А.Байтұрсынұлының ыждағатымен, михнатымен жарық көрген «Қазақ» газетінің ықпалы да зор болды. Кенесары ханның ұлт азаттық жолындағы күресі, Исатай-Махамбет көтерілісі, «Зар заман» ақындарының отарлық езгіге қарсы зары, Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасындағы замана күйі, «Айқап» пен «Қазақ» газетіндегі ел жайын, ағартушылық мақсатын көтерген алаш қайраткерлерінің мақалалары ақын жанын күңгірлетіп, ұлт болашағының ертеңі жайлы толғандырып, оған өзі де үн қосып, терең толғанысты өлеңдерін жариялап тұрған. Ұлт азаттығы үшін күрескен алаш зиялыларының шығармаларында еркіндікті, аңсау, сол жолда күресу мотиві ұлттық ұстанымынан ешқашан айнымаған Мағжанның намысын қайрап, шабытын оятты.

Мағжанның Түрік әлемін жырлауына себепкер жайттарды: «Мағжан поэзиясында түрік өлеңдерінің өрістеуінің ең басты себебі— отаршылдыққа қарсылық, дүние жүзіндегі ұлт-азаттығы қозғалысының күрескерлерімен бірлесу, тізе қосу. Қазақ сол ынтымақ бірлікті ту етіп ұстаса, ежелгі туыстығын бекіте түссе деген тілегі»[2.31] екенін профессор Ш.Елеуенов атап көрсетеді. «Шолпан» жинағында алаш рухты түрікшілдік идеясын, асқақ пафоспен толғаған ақын поэзиясының саяси-тарихи мәні бүгінгі күнде де өзекті. Академик Рымғали Нұрғали мағжантануда алғашқылардың бірі болып: «1912 жылы Қазанда «Шолпан» өлеңдер жинағы шыққанда, Мағжан он сегіз-он тоғыздардағы уылжыған жас ақынның даңқы қазақ сахарасы аспанында қалай көтерілгенін ұғу қиынға соқпас» [3, 95]- деп бағалапты. Себебі, «Шолпан» жас Мағжанның ұлттық ұстанымын, отарлық саясатқа қарсы күрес алаңына шыққанын да айқын аңдатқан. «Туған жерім –Сасықкөл» өлеңінде «Сыртында ақбоз үйлер жарасқан, Байлары кедейлерге қарасқан», «Сасық деп еркелетіп атын қойған»,...ата қоныс, құт болған көліне «итиіп қарашекпен келіп қонса, басыңнан құсың ұшып кетеді-ау» [4, 33] -деп қамығады.

Тұран - Түрік тақырыбын дамыта жырлаған ақынның «Бір күні», «Орал тауы», «Есімде... тек таң атсын» «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Мен жастарға сенемін» тәрізді атақты өлеңдерінің өзінен –ақ Мағжанның ұлттық мақсұты бірден айқындалып тұр. «Ер Түрік ен далаңа көрік еді –деп жырлауында Мағжан идеялық бағытына, түрікшілдік ұстанымына беріктігін тағы да бір паш етеді.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер Түрігім туып өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан не тамаша күндер кешкен, [4, 128] - деп ертедегі түрік текті елдердің біртұтас мемлекет болғанын асқақ толғаса, бүгінгі күйін күйзеле баяндайды. Осы жерде «Араб халифаты түрік елінің ата мұрасы болған оймақ жазуын істен шығарып, осы арқылы келер ұрпақ жас буынды өткендегі ата тарихынан мүлде қол үздіріп жіберді»-

деп жазған професор М.Мырзахметов пікірі де [4.97] еріксіз еске түседі. Дін мен шариғатын, тілі мен ділін, ислами дәстүрі мен әдет-ғұрпын ала келген араб басқыншылары Тұран өлкесін 705-715 жылдар аралығында жаугершілікке ұшыратып, Тұран атауын Түркістан атауымен алмастырды. Сондықтан, Мағжанның қазақ әдебиетінде тұңғыш рет жеке-дара көтерген түрік тақырыбының маңызының қай кезеңде де зор екендігін мойындайсың. Тұранның өшкен тарихын жаңғырта жырлаған ақынның қайсар мінезіне, ұлтжандылығына қалай тәнті болмайсың. «Бір күні», «Орал тауы», «Есімде... тек таң атсын» «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Мен жастарға сенемін» тәрізді атақты өлеңдерінің өзінен –ақ Мағжанның ақындық, азаматтық ұстанымы, мақсұт-мұраты, көркем стилі айқындалып, алаш ақындарының идеялық тінімен үндесіп, сабақтасып жатады. Ақынның түрікшілдік идеясы 1913 жылы 22 наурызда «Қазақ» газетінде жарияланған «Орал тауы» өлеңінде де айқын суреттеледі.

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп қонып жүріп еді...
Ер түрік ен далаңа көрік еді» деп өткенді аңсау сарынының себебін ашып береді.

Осындай ата мекен жерлеріңе...
Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріңе...

Қосылып батыр түрік балалары,
Тапталпа жолын кесіп, тізгінге орал... - [4, 15] түбі бір түрік текті туыстас елдерді бір тудың астына бірігуге үндейді.

Мағжанның маржан жырларының да мәтініне аса саяси сақ редакторлардың да қиянаты аз болмағанға ұқсайды. Бұхар жырау болжамындағы «аузы басы жүн кәпірді» меңзеген тіркес «шетелдер» болып өзгеріп кеткен тәрізді. Сол кезеңде «шетелдер» сөзі актив лексика болмаған оқшау тіркес әрі «шетелдерде» поэтикалық үндестік, дәлдік, нақтылық жоқ. Текстологиядағы конъектураға сүйенсек, «аузы түкті кәпірлер ие болып» сөзінің редакцияланғаны көрініп-ақ тұр. 1989 жылғы жарық көрген жинақтан осы шумақ ешқандай түсінік берілмей қысқартылып қалған, кейіннен редакциясын мағжантанушы Ш.Елеуенов басқарған 2008 жылы шыққан көп томдық шығармалар жинағында деректі шумақ қалпына келтірілген [4.189]. Сондай-ақ, Мағжанның «От», «Пайғамбар» өлеңдеріндегі символдық, мифтік мәнді қаншама жолдардың негізсіз қысқаруының астарында әлі де санамызда сартап болған отарлық саясаттың ызғарынан сескенген секемшілдік бой көрсетіп қалуда.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер Түрігім туып-өскен – деп [4.124] романтикалық леппен басталған «Түркістан» өлеңінде ертедегі түркілердің біртұтас мемлекет болып, кейін әр түрлі шапқыншылықтарды бастан кешкен тарихын, мәдениетін, ұлы хандарын, тұлғаларын шабытпен әсерлі баяндап береді. Мағжан қылышынан хан тамған отаршыл орыс жұрты ұнатпайтын Шыңғысханды мақтан тұтып, оның тарихтағы орнын, тақ мұрагерлерінің де ел басқарудағы көрегендігін айтудан тайсалмаған.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле-
Атаға тартып туған бәрі бөрі...

... Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,

Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер-деп [4.125] дәріптейді.

«Түркістан» өлеңінде бүкіл түрік тектес халықтарға ортақ Әбу Әлі Ибн Сина, Әл-Фараби, Қорқыт, Шыңғысхан, Тарағай би, Ақсақ Темір, Ұлықбек сынды тұлғаларды, қазақтың, Қасым, Абылай, Кенесары хандарының ел бірлігін нығайтудағы ісін қос

тармақпен-ақ адақтап шығады. Ер Түріктің бесігі болған Түркістанның киелі жерлері-Тянь-Шань, Хан Тәңір, Қазығұртты, теңізге бергісіз көл, дария атанған ұлы өзендері туралы шабытана жырлайды.

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,

Түріктер бұл екеуін дария дейтін.

...Кене мен Абылайдың жолын қумай,

Жапанда жайылудың мәні қалай?! [4.127] –деуінің мәні бір тудың астында біріге алмай, бас көтермей қалғанымызға налиды. Соңғы тармақтағы «жайылу» сөзі «жойылу» емес пе екен деген де жеке болжамымыз бар.

Тарихшы ғалым М.Қойгелдиев бұл идеяның авторы тарих сындарынан сабақ алған түркі жұрты дей отырып, «түрлі тарихи заманаларда бұл идеяны білдірушілер қатарында «Күлтегін» жазуының авторы, Жүсіп Баласағұн, Алишер Науаи, Мағжан Жұмабаев және осы сияқты заңғар тұлғалар бар» - деп жазды [6,16 б.].

«Ертеден сені іздеген мен едім ғой,

Тұранға бір сені іздеп кеп едім ғой!

Ширазға, шейх Саади, Хайямдардың

Өртеген өзектерін сен едің ғой» [4.124] деген өлең жолдарымен Мағжан тағы да Тұран еліне, жеріне деген ерекше ыстық ықыласын білдіреді.

Мағжанның «Түркістан» өлеңі - «екі дүние есігі», «Ер Түріктің бесігі», «Тәңірі берген несібі». Ақынның ойы да, сөзі де оттай маздаған, қорғасындай салмақты, кесек-кесек, әрбір сөз, әрбір сөйлем жойқын қимыл-әрекетке ие болып тұр.

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе? [4.125] - деген жолдардан Мағжанның өз бейнесін де көргендей боласың. Мағжанның «Түркістан» өлеңі –«елім», «ерім», «жерім» деп соққан ақын жүрегінің қайнарынан төгілген отаншылдық жырдың шынайы да шебер үлгісі. Еліне деген патриоттық перзенттік сезімі аңғарылады. Түркістанның, Тұранының дабысын асқақтата түсу үшін дыбыстардан керемет өрнек, сурет жасаған.

Мағжан поэзиясындағы әлем әдебиетіндегі әдеби мектеп, әдеби бағыттар, еуропалық үрдіс, дәстүр мен жаңашылдық сарындары бірді-екілі құбылыспен шектелмейді. Ақынның ұлтын, халқын, туысқан түрік жұртын сүюі дара құбылыс болғанын «Тұранның бір бауында», «Ескі Түркістан», «Қырғыз қазаққа», «Еділде», «Алатау» атты жырлары ерекше айшықтап тұр.

Мағжан поэзиясының құбылысы, өлең жасау тәсіліндегі символикалық астар «Түркістан» толғауында астарлы ойлардан, меңзеуден айқын аңдалады. Мағжан поэзиясының поэтикасын, өлең өрнегіндегі символдық тәсіл мәселелерін зерттеп жүрген ғалым Б.Қанарбаева «Түркістаннан» көп астар ашады. Зерттеуші зерделеген қисындар жалпы теориялық мәселелер тұрғысынан келгенде – «Түркістан» да символизмнен оқшау өлең емес. Образды ойлар, сырлы сөзбен сүйсінту, еліту бар» -дейді. [7/153].

Мағжан поэзиясының сыршылдығы, қуаттылығы туралы алғаш «Мағжанның ақындығы» деген зерттеу мақала жазған Ж.Аймауытұлы ақын өлеңдерінің құпия сырларын, бөлекше сипатын дөп басып айтқан. «Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқтануға Мағжан көмек көрсетті деуге болады. Бұрын Мағжан өлеңдерінде орыстың түрлі ақындарына еліктегіштігі көрініп тұрса, қазақтың ақындарымен танысқаннан кейін Ақан сері, Шәңгерейлерді жинағаннан былай, Мағжан өлеңнің бетін ескілікке қарай бұрады. Енді қазақтың ескі ақындарын дәріптейді. Қазақтың ескі заманын жырлайды. Ертегі, Қорқыт, Баян–Мағжанның романтизмі күшейгендігіне дәлел» [8/153].

«Түркістан» толғауында ақынның тұтас түрікшілдік, ұлтжандылық мақсұты тұтас идеялық бірлікке, түрікшілдік идеологияға ұласқан. Ақын атағы Түрік, Өзбек, Қырғыз, Татар, Башқұрт сияқты түбі бір түрік елдеріне түгел жайылып, татар Ғалымжан Ибрагимов, өзбек Фитрат Шолпан, қырғыз Қасым Тыныстанов, башқұрт Сайфи Құдаш

Мағжан ақындығының дария ағысты, терең тұңғығына ерекше назар аударған.

Мағжанның шеберлігін, тың әдеби-эстетикалық талғамын Б. Майтанов: «Мағжанның жан дүниесін, ой әлемін түсіну оңай емес. Ақын көңілінде тұрақты мекен жоқ. Мейлінше шыншыл, ішкі байламын сынға салып, сүзгіден өткізуді қаламайтын ақынға нақты бір идеяның соңына түсіп, шаужайын көтерумен жүру жат... Мағжаннан тосын да тапқыр, оқшау жағдай, жаңалық, әрекет, шешім күтудің қызығы зор. Ақын қалыпты сана заңына бағынбайды, даланың жүз құбылған аспанындай сиқырлы сезім патшалығына қызмет ету бақытын фанаттарша қол соға аяламайды, әдеттегі қисапсыз азап қобызын сарнату есебінде ықылассыз қабылдайды» [9,52-б.]

1924 жылдың 24 қарашасында Москвада оқитын қазақ жастарының жиналысы өтіп, онда Мағжанның өлеңдер жинағы талқыланады: «Мағжан өлеңінің көбінде өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, менмендікті дәріптейді» [9,52-б.] деген қаулы қабылдайды.

М.Әуезов 1927 жылы «Мағжан культурасы зор ақын, ...заманынан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжан сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [9,53-б.] деп жазуында ұлылықты мойындаудың ұлағаты мен Мағжан поэзиясының тамырын тап басқан көрегендік те жатыр.

Аласапыран заманның әлемтапырық шаңына көміліп, аламанға түскен қоғамның шолақ белсенділері де бастапқыда қай бағытта қамшы сілтерін білмей атының басын іркіп, даурыққан жақтың аңысын аңдап барып, айғайға сүрең қосты. «Алаш» ұранын ту көтерген «елім, алашым» дегендер «адасып», «табым» дегендердің айы оңынан туды. Мұндай айғай мен ұранға дүрліккен халықтың дүрмегге ермеген Мағжан жастардың бойына алаштың ұлттық рухын сіңіруді парыз санады. «Мен жастарға сенемін» атты өлеңінде «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты, көздерінде от ойнар, сөздерінде жалын бар, арды жанынан қымбат санаған, көздегені көк аспан, «жұмсақ мінез жібектер, сүттей таза жүректерге» [10] сенім артты.

Ұлттық поэзиямызға алаш ұранды тұңғыш жырларын туған елдің топырағында құндақтап, туған жердің жоғын жоқтап жерімізге дендей енген отарлықтың озбырлығына қарсы елдік, ерлік, ынтымақтастық тақырыбын алаш туының, түрік елдері бірлігінің символдық биігіне көтерді.

Алаштанушы Т.Жұртбай «Алаш ақиықтары» кітабында Ж.Аймауытов пен М.Жолдыбаевтың 1924 жылы мамырда Мәскеудегі Мағжанға жазған хатында Абай тілімен «күннің көзін мәңгілік бұлт басып тұруы мүмкін еместігін» ескертіп, ендігі уақытта оны «торығуды, зорығуды, зарлануды» қойып, жаңа жасампаз өмірге ұмтылған ақынның күйіне өтуге шақырады. [10.125]. Мағжан поэзиясы нені суреттесе де, қандай тақырыпқа жазса да романтизм мен символистік ізденістерінің ізі айқындалып, қазақ поэзиясын жаңа сатыға көтерді.

Күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген, лирикалық кейіпкердің рухани асқақтығы, сыршыл сезімталдығы ұлтының тозаң тұтпас қазынасына айналған Көкбөрінің айбарлы ұрпағы, көктүріктің жыр алдаспаны Мағжан ақынның поэзиясы - өз дәуірінің ақиқат үні, Ұлы даланың келешек күндерінің де ұлттық рухани ұраны.

ӘДЕБИЕТТЕР

Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы.-Алматы: «Мектеп» 2009. – 560 бет
Ш.Елеукенов Мағжан Оқу құралы. – А, Санат. 1995. -384 б.
Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана, «Күлтегін», 2002 -528 б.

- Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы, I -том.Өлеңдер, дастандар, әңгіме.- Алматы: Жазушы,2008,-208 бет
- Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы. Атамұра - 1993.
- Қойгелдиев М.Алаш қозғалысы: Монография.-Алматы:Мектеп,2017.- 656 б
- Қанарбаева Б. Мағжан символист: –Алматы: Экономика.–2007.– 288 б.
- Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // «Лениншіл жас», 1923 ж. № 5
- Мағжан әлемі : Әдеби зерттеулер / ... – Алматы : Асыл кітап, 2009. - 496 б.
- Майтанов Б. М.Жұмабаевтың поэтикасы:Оқу құралы.–Алматы: Қазақ университеті.– 2001. – 52 б.
- Алаш ақиықтары / ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің "Отырар кітапханасы" ғылыми орталығы; құраст. Т. Қ. Жұртбай. - Алматы : Алаш, 2006